



КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРЫН  
«ҚАРЛЫҒАШ» ЯСЛИ-БАҚШАСЫ  
ТЕМІРТАУ ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ  
ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ

КЕҢЕС ТАҚЫРЫБЫ: «БАЛАЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ, СӨЙЛЕУ ЖӘНЕ  
ЭМОЦИЯЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ БАСТАПҚЫ ДИАГНОСТИКАСЫ»

---

ДАЙЫНДАҒАН: ДЕФЕКТОЛОГ-МҰҒАЛІМ ЛЕБЕДЬ К.В

## БАЛАНЫҢ БАСТАПҚЫ ТЕКСЕРУ ДИАГНОСТИКАСЫ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

---

- Бұл — баланың даму ерекшеліктерін анықтауға, оның білім мен дағды деңгейін, сондай-ақ кездесетін қиындықтарын айқындауға бағытталған диагностика.
- Мақсаты: Оқыту мен дамудағы мәселелердің себептерін анықтау, түзету көмегінің жеке бағдарламасын жасау, баланың жақын даму аймағын белгілеу және одан арғы жұмысқа арналған ұсыныстар дайындау.



?

## Бастапқы диагностика бағыттары

- Жалпы даму деңгейін бағалау
- Интеллектуалдық даму
- Сенсомоторлық даму



## ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕМЕЛЕРІ

- Балаларды зерттеу кезінде дефектолог-мұғалім келесі тәсілдерді қолданады:
- — Бақылау, әңгімелесу,
- — Көрнекі және практикалық материалдарды пайдалану (мысалы, қиылған суреттерді құрастыру, конструкторлар, сұрыптау тапсырмалары).
- Әдістемелер баланың жасына және диагностика мақсатына байланысты таңдалады.



## Е. СТРЕБЕЛЕВА БОЙЫНША ДИАГНОСТИКАЛЫҚ ӘДІСТЕМЕ



БҰЛ — МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖӘНЕ ЕРТЕ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ДАМУЫН БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН КЕШЕНДІ ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДІСТЕМЕ. ӘСІРЕСЕ ДАМУЫНДА КІДІРІСІ БАР НЕМЕСЕ АҚЫЛ-ОЙ ДАМУЫ ЖЕТКІЛІКСІЗ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН.

БАСТЫ ЕРЕКШЕЛІГІ: ОЙЫН ЖӘНЕ ПРАКТИКАЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ, БҰЛ ДИАГНОСТИКАНЫ БАЛА ҮШІН ҚОЛЖЕТІМДІ ӘРІ ҚЫЗЫҚТЫ ЕТЕДІ.



## С.Д. ЗАБРАМНАЯ ЖӘНЕ О.В. БОРОВИК ӘДІСТЕМЕСІ



НЕГІЗГІ МАҚСАТЫ: БАЛАНЫҢ ПСИХИКАЛЫҚ ПРОЦЕСТЕРІ МЕН ТҰЛҒАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН АНЫҚТАУ. ӘСІРЕСЕ АҚЫЛ-ОЙ КЕМІСТІГІ МЕН ПСИХИКАЛЫҚ ДАМУДЫҢ ТЕЖЕЛУІН АЖЫРАТУ (ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫ ДИАГНОСТИКА) ҮШІН ҚОЛДАНЫЛАДЫ.



# О.Б. ИНШАКОВА ЖАСАҒАН ДИАГНОСТИКАЛЫҚ ӘДІСТЕМЕ

БҰЛ ӘДІСТЕМЕ БАЛАНЫҢ СӨЙЛЕУ ДАҒДЫЛАРЫН ЖАН-ЖАҚТЫ БАҒАЛАУҒА МҮМКІНДІК БЕРЕДІ. ЛОГОПЕД НЕМЕСЕ ПЕДАГОГ ОСЫ ӘДІС АРҚЫЛЫ БАЛАНЫҢ СӨЙЛЕУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ ТОЛЫҚ БЕЙНЕСІН ҚҰРА АЛАДЫ.

НЕГІЗГІ БЛОКТАР СӨЙЛЕУ ДИАГНОСТИКАСЫНЫҢ ТҮРЛІ БАҒЫТТАРЫН ҚАМТИДЫ.



# ОДАН АРҒЫ ЖҰМЫС БАҒЫТТАРЫ

- Сенсорлық және сенсомоторлық даму.
- Кеңістік және уақыттық қатынастарды қалыптастыру.

Ақыл-ой дамуы, жасына сай интеллектуалдық қабілеттерді дамыту.

---

- Баланың жасына тән жетекші іс-әрекетті қалыпқа келтіру.
  - Қоршаған орта құбылыстары мен заттары туралы түрлі түсініктерді қалыптастыру, сөздік қорын байыту, байланыстырып сөйлеуін дамыту.
- Оқу материалына қабылдаушылық дайындығын қалыптастыру.
- Бағдарламалық материалды меңгеруге қажетті дағдылар мен іскерліктерді дамыту.
- Сөйлеу дамуын жетілдіру.



## АТА-АНАЛАРҒА ҰСЫНЫСТАР

- Ойын түрінде үйрету. Баланы мәжбүрлеуге болмайды. Ойын түрінде оқыту арқылы материал жеңіл меңгеріледі және бала қызығушылық танытады.
- Нақты және қысқа нұсқаулар беру. Баламен сөйлескенде ойды анық әрі ретімен айтыңыз.  
Бала түсінетін сөздерді қолданыңыз.
- Қайталау. Білім мен дағдыларды бекіту үшін өтініштер мен нұсқауларды бірдей сөздермен қайталап айтыңыз.

